

Ресей Федерациясының Беслан қаласындағы лаңқестік әрекет құрбандарын еске алу және лаңқестік әрекет салдарынан зардап шеккендерге көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 қыркүйектегі N 495 Өкімі

Ресей халқымен ынтымақтастық және Ресей Федерациясының Беслан қаласындағы лаңкестік әрекет құрбандары үшін қайғырудың белгісі ретінде:

1. Қазақстан Республикасында 2004 жылғы 7 қыркүйекте 12.00 сағатта Жалпыұлттық бір минут үнсіздік жарияланды.

2. Оку орындарында, әскери бөлімдерде, меншіктің барлық нысандарындағы өзге де үйымдарда Ресей Федерациясындағы лаңкестік әрекет құрбандары Бір минут үнсіздікпен еске алынын.

Жалпыұлттық бір минут үнсіздік кезінде Қазақстан Республикасының электрондық бұқаралық ақпарат құралдарына өз хабарларын беруді тоқтатып, Ресей Федерациясының Беслан қаласындағы лаңкестік әрекеттің құрбандары туралы жалпыұлттық еске алу акциясына қосылу ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей Федерациясының Үкіметімен келісे отырып лаңкестік әрекет салдарынан зардап шеккендерге қажетті көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

## Қазақстан Республикасының

## *Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК